

сөздердің киелі түзілімі. Адам пікірінің дәнекері, аталы сөздің мәуесі, дәмі тұздығы. Шешендікті қадір тұтқан әрбір қазақ жүйелі сөзге мән бөлген және осы үрдісте ұрпағын тәрбиелеген.

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. Кейкін.Ж.С «Қазақ мақал-мәтелдерінің алтын кітабы» - Алматы «Аруана» баспасы 3 б.
2. Қайдар.Ә.Т «Халық даналығы» - Алматы: Тоғанай, 2004.-56 б.
3. Байталиева.Ж «Мақал-мәтелдерді этнолингвистикалық тұрғыдан зерттеудің маңыздылығы» Астана қ. 6 б.
4. Адамбаева.Б «Алтын сандық» - Алматы: Жазушы, 1989.-195 б.

Ә. Бөкейхан және Кеңес өкіметінің алғашқы жылдарындағы білім беру мәселесі

Сақабай Т.Қ. магистр, аға оқытушы

Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті, Қарағанды қ.,
tolkinist78@mail.ru

Қазақ зиялы қауымының көрнекті өкілдерінің бірі Әлихан Нұрмұхамедұлы Бөкейхан мемлекет қайраткері ретінде кеңес өкіметі орнағаннан кейін де сол кездегі қоғамдағы өзекті мәселелерді баспасөз беттерінде көтеріп, оларды шешу жолдарын көрсетіп отырды. Ол уақытта да өзекті мәселелердің бірі білім беру мәселесі Ә. Бөкейханның назарынан тыс қалмады. Осы мақаланы жазудағы мақсат Әлихан Нұрмұхамедұлының кеңес өкіметі кезеңіндегі мерзімді басылымдар беттеріндегі жарияланған мақалаларына тоқтала отырып, ғалымның қазақ даласындағы ағарту ісіне қосқан үлесін көрсету болып табылады.

Әлихан Бөкейхан білім беру саласына ішінара болса да назар аударуы заңды құбылыс еді. Сол жылдардағы қоғамдағы өзекті мәселелердің бірі оқулықтар жазу болатын. Оқулықтар жазу ісіне қазақ зиялылары ғана емес, сырттан шақырылған ғалымдар да қатысты. Мысалы, 1921 жылы 2 қыркүйектегі Коллегия мәжілісі көрсеткендей, Чулошниковтың хрестоматиясына Ә. Бөкейхан пікір жазды.

Әлихан Бөкейхан халық ағарту мәселесін баспасөз бетінде «Жаңа мектеп» журналы арқылы көтерді. Бұл журналдың алғашқы саны 1925 жылы Әлихан Нұрмұхамедұлының алғысөз ретіндегі мақаласымен жарыққа шықты. Сонымен бірге журнал беттерінде қазақ зиялыларының ағарту ісін реформалау мектеп ісін қайта құру, Қазақстанда оқу ісін дамыту сияқты көтерген мәселелері жарық көрді.

Әлихан Бөкейхан Кеңес өкіметінің ағарту саласында жүргізіліп жатқан жұмыстарды қолдап, Халық Ағарту Комиссариатының оқу ісіндегі қызметіне белсенді түрде араласып отырды. Ол өз мақалаларында Қазақстанда білім беру ісіндегі өзгерістер мен осы саланың дамып келе жатқанын, қазақ тілінде жазылған кітаптардан, ұлттық тілде оқытудан, мектептерінің ашылуынан, білім беру саласында жаңа бағдарламалардың енгізілуінен көрінетінін жазады. Ә.Бөкейхан Қазақстанның ағарту ісінің Ресеймен салыстырғанда кенже қалғанын атап өтеді. Сонымен қатар өлкедегі көшпелі жұртты, мектеп пен мектептің арасының қашықтығын, қатынас көліктерінің жоқтығын, білім беру мәселесін насихаттайтын баспасөздің аздығын, оқу-білім мәселесінің болмауын, білім беру мекемелерінің нұсқау қағаздарының мектептерге бірнеше айда әрең жететінін сынайды және оны былай деп жазады: «Сондықтан, бұл күйде қалуға болмайды, оны тарих көтермейді. Сол үшін Халық Ағарту Комиссариатымен оқушыларға шара іздеп, осы журналды шығармақшы» деп жазады[1, 1-6]. Бұдан XX ғасырдың басындағы ағарту ісін дамытудағы және білімнің қазақ халқына қажеттілігін насихаттауда «Жаңа мектеп» журналын шығарудың сол кезде қаншалықты маңызды болғандығын көруге болады. Әрі қарай Ә. Бөкейхан: «Жаңа мектептің» мақсаты пәлсапа соғу емес, қазақ мектебіне араласу, қазақ оқытушысының мектептегі күнбе-күндік жұмысына жәрдемші болу, оқытушылармен жүкті

бірге көтеру. «Жаңа мектептің» пайдасы: барлық оқу мәселесі, оқу, мектептегі оқу бағдарламасы, оқытушының қал-жайы сөз болатындығында» [2] деп жаза отырып, журналдың болашақтағы атқаратын жұмыстарының бағытын көрсетіп, білім беру ісінде қандай мәселелерге назар аудару керектігін көрсетіп береді. Осы сөздері арқылы Әлихан Нұрмұхамедұлы қазақ халқын журналға жазылуға, оқуға, мәдениетке шақырады. Осылайша, «Жаңа мектеп» журналының алғашқы санында Ә. Бөкейхановтың мақаласының жариялануы зиялы қауым өкілдерінің топтасуына оң әсер етіп, журналдың көпшілік басылымға айналуына өз әсерін тигізді.

Сөйтіп, «Жаңа мектеп» журналының редакциясы Ә. Бөкейханның осындай ескертпелерінен қорытынды шығарып, 1926 жылғы нөмірлерінде жалпылай емес, тікелей оқытушыларға, педагогикалық мәселелерге арналған мақалалар шығара бастады. Бұл өз кезегінде мұғалімдерге өз пайдасын тигізді.

Әлихан Бөкейхан бастауыш мектеп жүйесінің қалыптаспағандығы туралы: «бастауыш мектептердің 3, 4-жылдарындағы баланы дұрыстап оқытып, дұрыстап тәрбие беретін ысылған қазақ мектептері жеткіліксіз, сондықтан төрт жылдықты бітірген қазақ балалары жеті жылдық мектепке, жеті жылдықты бітіргендер техникумдарға еніп келеді, бұларды жалғастырамыз деп техникумдар жанынан түрлі даярлық бөлімдері, курстар ашылып, жалпы Кеңестер Одағында жоқ, әдістерді қолдануда» деп жазады [3]. Сонымен қатар осы мақаласында үкіметтің ағарту жұмысына бөліп отырған қаражатын нақты мәліметтер арқылы дәлелдеп, аз екендігін көрсетеді. 1926 жылы жергілікті қазынадан Қазақстанның әрбір адамына ағарту жұмысына 1 сом 35 тиын жұмсалған, ал РСФСР-да жан басына шаққанда орта есеппен 2 сом 60 тиын, үй салуға жұмсалған қаржыны есептегенде бастауыш мектептің әрбір оқушысына 18 сом 55 тиын, РСФСР-дың әрбір оқушысына 20 сом 75 тиын құраған. Ә. Бөкейхан Қазақстанда жергілікті халықтың 20 пайызы, орыс балаларының 55 пайызы оқытылып отырғанын айтады. Осы арқылы автор Қазақстанда жалпы міндетті бастауыш оқуды жүргізу қиынға соғатынын көрсетті [4].

Сол жылдардағы республикадағы ең үлкен газеттердің бірі «Еңбекші қазақ» газеті де Әлихан Нұрмұхамедұлының ағарту саласы бойынша мақалаларын жариялап тұрды. Бұнда жарияланған мақалалары арқылы Ә. Бөкейхан Кеңес мектебінің патша кезіндегі мектептерден өзгермегендігін, білім саласына бөлінген қаражат мәселесін сынға алады. Осыған дәлел ретінде Ә. Бөкейхан сол кездегі оқу жұмысына арналған ақынның қалай бөлінетіндігін былай көрсетеді: «жұмыс ақыға - 52 пайыз, балалар тамағына- 26 пайыз, киімге- 10 пайыз, мектеп үйін ондауға- 0,9 пайыз» [5]. Бұдан осы есептеулер арқылы автордың қаражаттың дұрыс реттелмейтіндігін көрсеткісі келгенін аңғаруға болады. Осыдан кейін Әлихан Нұрмұхамедұлы Халық Ағарту Комиссариатына «мектеп үйлерін жөндеу, оқуға керек құралдарды табу, мектепте қай тілде оқитынын белгілеу» сияқты үлкен жұмыстардың бар екендігін көрсетіп береді. Сонымен қатар осы мәселелерді шешуде Ә. Бөкейхан журнал бетінде жарияланған мақаласында мынадай ұсыныстар жасайды:

«Алғашқы мәселе, біздің қазіргі халіміздегі ең ауыр, ең қиын мәселеміз. Балалар жерде отырып, жерде жазады, әйнектің шынысы жоқ есіктің тақтайы жоқ, жағатын пеші жоқ. Бүйтіп көрінген қазақтың үйін мектеп қыла берсек, әрине, біз халық ағарту жұмысында алға кете алмаймыз. Мектепте тәрбиелеудің орнына, біз одан балалардың көбін ауру етіп шығаруымыз мүмкін. Сондықтан бұл жұмыс біздің өте ескеретін мәселелеріміздің бірі. Осы күнгі жалпы Кеңестер Одағында өкімет те, Қазақстан мектебі де осыған назар салғалы отыр. Бірақ үнемі өкіметке ауырлықты арта бермей, бір жағынан, елдің өзі де бұл іске кірісуі керек. Әсіресе біздің ауылда отырған мұғалімдеріміз бұл туралы қолдан келген жәрдемді аямай, елге түсіндіруді өзінің адамшылық борышының бірі деп санауы керек. Екінші мәселе, оқитын құрал даярлау керек, осы күнге дейін біз бұл мәселе туралы анық, ашық жолға түскеміз жоқ. Бастауыш мектептің керек-жарағын бітірмей жатып үлкен дәрежелі орындарда оқитын алгебра, тригонометрия кітаптарды шығарғалы отырмыз. Орта дәрежелі мектептерге қандай оқу құралы керек, оның қаншасы даяр, қаншасы жетіспейді. Бұл туралы біздің мағлұматымыз өте нашар. Сонымен сол мәселені түбінен қопарып, қайта шешу керек. Ең

әуелі дұрыстап жалпы нысананы қағып алып, содан кейін қалай жүретінімізді белгілеу керек. Менің ойымша, қазіргі мәдени күшімізге қарағанда бүкіл мектепке /бастауыш, орта, бас мектеп/ оқу құралын бір аз уақытта қылып шығарамыз деу үлкен қате нәрсе, бұл қолымыздан келмейтін құрғақ қиял. Бұл қиялды әзірге тастай тұру керек. Біздің бүгінге қоятын жоспарымыз тек бастауыш мектептерге ғана оқу құралдарын даярлау. Бұдан әрі күште, қаражат та жетпейді. Осыны бір бітіріп алып, әрі қарай аяндау керек. Оған дейін күшті бөлмей, бір жерге салу керек. Үшінші біздің мәселеміз— тіл туралы. Бұл мәселе тегінде біраз таласқа түспей болмайды. Соңғы жылдар тәжірибесі қазақ тілі кейбір мектептерде пайдасы болмай шыққанын көрсетіп отыр. Бұлай болудың себебі: ең әуелі қазақ тілінде дұрыс оқу құралы жоқ. Қазақша оқыта білетін ірі білімді адамдар кем. Оның бер жағында өнер-білім алу үшін жалғыз оқу құралы тағы да қанағаттандырмайды. Мысалы, физика туралы бір ғана оқу құралы болса, ол физиканы зерттеп білу үшін, оқушыға тағы да қосымша әдебиет керек. Жаратылыстың бар күмәнін бір ғана кітаппен зерттеп-білу үшін адам мүмкіншілігі жоқ. Бұл мәселе талқыға түсіп, бір пікірге қосылғанша, біздің әзірге айтатынымыз мынау: қазақша тіл бастауыш мектепте ғана болсын, ондағы сабақтың кем дегенде төрттен бірі орыс тілі болсын. Орта дәрежелі, одан ілгері мектептердің бәрінде орысша оқытылсын» [6]. Әлихан Нұрмұхамедұлының бұл ұсыныстарынан қазақ мектептері алдында тұрған қиындықтар мен кезек күттірмес өзекті мәселелерді, оның ішінде сол кезеңдегі білім беру саласының жағдайын, мектептердің дамуын көруге болады. Автордың бұл ұсыныстарында көрсетілген кейбір мәселелер бүгінгі күнге дейін маңызын жойған жоқ деп білеміз.

Бұнымен қоса Кеңес мектебінің бағдарламасы Ә. Бөкейханның назарынан тыс қалмады. Мектеп бағдарламаларына автор: «Бұрынғы кеңес мектеп бағдарламасының білімге көзқарасы – педагогикалық көзқарас, ілімнің негізі – затшылдық, әр нәрсеге, әр құбылысқа айқын кірісу», – деп сынап, «өзінің тәрбиешілік жұмысын орындаған жоқ, әлі жеткен жоқ, кемшілігі көп» деп баға береді [7].

«Еңбекші қазақ» газеті бетінде Ә. Бөкейханның жоғары білім мәселесіне байланысты мақалалары да жарияланды.

Ол университетті педагогикалық, ауылшаруашылық, дәрігерлік факультеттермен ашуды ұсынып, олардың қажеттілігін келесідей дәлелдейді: «Педагогикалық факультетті ашу арқылы, – дейді ол, — оқыту әдісі әрі оқу құралдарын жазатын оқытушыларды даярлайды. Ал, ауылшаруашылық мамандары Қазақстанның мал шаруашылығы мен егін шаруашылығын көтеру үшін, дәрігерлік факультет Қазақстандағы жұқпалы ауру көптігінен мамандар даярлау үшін» [8]. Алайда, Ә. Бөкейхан дәрігерлік факультетті ашуға Қазақстанның шамасы жетпейтіндігін айтты. Тағы бір мәселе – оқыту тілін айта кетіп, Ә.Бөкейхан екі түрлі пікірді көрсетті: біріншісі– орыс тілінде, екіншісі – қазақ тілінде оқытуды қолдаушылар. Бұл мәселеде Ә. Бөкейхан Халық Ағарту Комиссариатының оқуды қазақ тіліне көшіре беруді жүзеге асыруын қолдайды. Оған жету үшін қазақ тілінде кітаптар, қазақ жастарынан профессорлар даярлау, қазақша оқуға мүмкін пәндерді қазақша оқыту шараларын жүргізу көзделді. Автор университеттегі қаржыландыру ісін жолға қою үшін қор ұйымдастыру, оны мемлекет қолдауын сыртқары әр түрлі шаруашылық мекемелерден салық алу арқылы іске асыру жолын ұсынады. Сонымен қатар университетке студенттер даярлау үшін орта дәрежелі мектептерді күшейту керектігін көрсетті [9].

1929-1931 жылдардағы қуғын-сүргінге байланысты 1930 жылдан бастап кеңестік мерзімді басылымда зиялылардың мақалаларын жариялауға тыйым салынды. Дегенмен, Әлихан Нұрмұхамедұлының білім беру саласына байланысты XX ғасырдың басында көтерген мәселелері бүгінгі таңда жүзеге асты деп ойлаймыз.

Ә. Бөкейхан білім беру саласындағы атқарған қызметіне қазіргі таңда тарихшы ғалымдар былай деп баға береді: «Ә. Бөкейхан осылайша халық ағарту ісінің өзекті мәселелерін талдап берді. Ол Кеңес өкіметінің мектеп саясатын толық қолдай отырып, ұлт мектебін бірінші ауылда жасау керектігін, содан соң ғана қалаға әкеле алатындығын көрсетті» [10].

Қорыта айтқанда, жоғарыда көрсетілген мақалаларға сүйене отырып, Ә. Бөкейхан тек қана ХХ ғасыр басындағы саяси өмірге қатысып қана қоймай, сонымен қатар ағарту мәселесіне де көп көңіл бөлгендігін оның шығарған оқулықтарынан, баспасөз беттерінде жариялаған мақалаларында көтерген проблемалардан көруге болады. Әлихан Нұрмұхамедұлының ағартушылықты дамытуға үлкен үлес қосты деп айтуға толық негіз бар деп ойлаймыз.

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. Бөкейханов Ә. «Жаңа мектепті» шығару неге керек болды?//Жаңа мектеп.-1925.-1-6 бб.
2. бұл да сонда
3. Бөкейханов Ә. Қазақстандағы жалпы міндетті оқу жүргізу мәселесі// Жаңа мектеп-1929.-10. -18-21- б.
4. бұл да сонда
5. Бөкейханов Ә. Алдымен мектеп керек// Еңбекші қазақ-№3.
6. бұл да сонда
7. Бөкейханов Ә. Кеңес мектебінің негізі// Еңбекші қазақ.- 1927. - №10.
8. Бөкейханов Ә. Қазақстанда университет ашу мәселесі// Еңбекші қазақ- 1929. - №10.
9. бұл да сонда
10. Бейсенбекова Н.А., Сақтағанова З.Ғ., Шотбақова Л.Қ. және т.б. Сарыарқаның ұлы азаматтары (ХХ ғасырдың басы). – Қарағанды, 2008- 438б

Алтайдан Анадолыға көшкен елдің тарихи мәселелері

Серікқызы М. Е.А. Бөкетов атындағы ҚарМУ-дың физика - техникалық факультеті
meuirlgul.kusayinova@mail.ru

Кентбек С.Қ. т.ғ.к., Қазақстан тарихы және ҚХА кафедрасының доценті
kentbek59@mail.ru

«Адамзат тарихы Алтайдан басталды» деген аталы сөз бар. Сол асқар Алтайда, көрікті Алтайда, қос ағаш дейтін жерді білмейтін жан кемде - кем. Кезіндегі қызыл саясаттың кесірінен қасиетті өлке атадан қалған асыл жер шет елге, жат жұртқа алпауыт елдер арасында пышық үстінен үлестірілгендей кесіліп кете барған. Тұтас қара жерінің бөлініп қалған пұшпағын ойлағанда, талайлы тағдырлармен қиямет қасіретін еске түсіргенде дүйім жұрт күндіз күлкіден, түнде ұйқыдан қалатыны сондықтан. Құйқалы өмірді бабасының мұрасындай жатқа қимаған, кезінде дүркіреп мемлекет құрған найман ұлысы одан шығып ну ормандай қалың елге айналған Қаракерей-Қаратай, кейінгі Сарғалдақ, Дәулет, Шоңмұрын, Қожанбет. Самай, Ақнайман, т.б. рулардың ғасырлар бойы жалғасқан қилы тарихы Алтай жерінде біршама жалғасқан. Атамекеннен жырақ қалып, қиыр қонып, шет жайлаған елдің ХІХ ғ соңымен ХХ ғ басында көрген қиындығы заманы тудырған құбылыстар, қоғамдық жүйесінің өзгеруін қазақтардың қалай қарсы алғаны, Шүй жеріне орналасқан елдердің қарым-қатынасын қарастырмыз.

Халқымыздың тарихында қилы-қилы замандар өтті. Соның бірі - ХХ ғасырдың 40-жылдары Қытайдағы қазақтардың жер-суын тастап, белгісіз бағытқа үдере көшуі болды. Осы қатерлі де азапты көш туралы бүгінде бірнеше кітап жазылды. Осы сыр-шежіреленің ішінде шоқтығы биік көрінетіні- Халифа Алтайдың «Алтайдан ауған елі». Халифа Алтай мұсылман әлемінде ерекше орны бар деп білеміз. Ол дін табиғатын терең білетін ғалым ғана емес, мұсылманшылдықтың мойымас жаршысы. «Алтайдан ауған ел» - мыңдаған бауырларымыздың басынан өткен қилы күндерінің қаламмен емес, қанмен жазылған